

## **Диссертациялық кеңестің 2021 жылғы жұмысы туралы есеп**

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жанындағы (докторантура мамадығы) 6D072400–Технологиялық машиналар мен жабдықтар (сала бойынша) бағытындағы кадрларды дайындау бойынша Диссертациялық Кеңес.

1. Откізілген отырыстардың саны туралы деректер.

Диссертациялық Кеңес 3 отырыс өткізді, оның 2-үі ұйымдастырушылық сипатта және 1-үі диссертацияны қорғауға арналған.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық Кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) - жоқ.

3. Оку орны көрсетілген докторанттардың тізімі.

Назымбекова А.Е. – Алматы технологиялық университеті.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында Кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыбын талдау

**А.Е. Назымбекованың диссертациялық жұмысы** бейімдеу күралдары мен құрылғыларын жасаумен, жемістерді сыртқы қабығынан тазартудың технологиялық процестерін механикаландыру, тазартылған қыртысты кесу, мәйекті бөлу мен ұнтақтау арқылы қарбыз жемістерін бастапқы өндіреу процесінің тиімділігін арттыруға арналған.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының З-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкімет жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «АгроОнеркәсптік кешенді тұрақты дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі» ғылымын дамытудың басым бағытына сәйкес келеді.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Зерттеу нәтижелері бойынша қарбыздың мәйегін, тұқымын және қабығын алуға арналған құрылғы әзірленді, ол Алматы облысындағы "Южный" ЖШС жеміс фабрикасында сыналды және қолдануға ұсынылды. Осы жабдықты өндірістік желіге енгізудің есептік экономикалық тиімділігі жылына 1 280 000 теңгені құрады. Есептеуге сәйкес орнату шығындары 0,83 жылда өтеледі.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (сапасыз шолулардың мысалдарымен).

Жоғарыда көрсетілген диссертациялық жұмыс бойынша рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде жан-жақты талдау жүргізді және диссертациялық Кеңес туралы үлгілік Ереженің 5-қосымшасының нысанына сәйкес құзыретті пікірлер ұсынды.

Сапасыз пікірлер болған жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

«Дәрежелер беру ережелерінде» және 6-тармақта барлық мақалалар диссертация қорғалғанға дейін, соның ішінде халықаралық рецензияланатын

ғылыми журналда жариялануы тиіс екендігі атап өтілген. Бұл ретте журналдардың қолданылу мерзімі және олардың деректер базасынан шығу жағдайлары айтылмаған.

Диссертациялық Кеңес тек мәліметтер базасындағы журналдардың болуын қадағалай алады.

Осыған байланысты, біз «Диссертациялық Кеңес туралы үлгі Ережеде» диссертациялық қеңестердің жауапкершілік мерзімін регламенттейтін тармақ енгізууді ұсынамыз. Мысалы:

«Диссертациялық Кеңестер жарияланған мақалалардың ғылыми метрикалық деректер базасында диссертациялық жұмысты қорғау күніне дейін болуын қадағалауға міндettі. Егер диссертация қорғалғанға дейін журнал деректер базасынан шығарылса, онда мақала халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жарияланып, мәселе шешілгенге дейін қорғау кейінге қалдырылуы мүмкін.

Диссертация қорғалған күннен кейін диссертациялық Қеңес журналдың деректер базасында болуын қадағаламайды».

7. Кадрларды даярлау бағыттары бөлінісінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алуға арналған диссертациялар саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) - 1;

2) қараудан алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) - жок;

3) рецензенттердің (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) теріс пікірлері алынған диссертациялар-жоқ;

4) қорғау қорытындылары бойынша теріс шешімі бар диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) - жоқ;

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) - жоқ;

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) - жоқ.

6D072400 – «Технологиялық машиналар

мен жабдықтар (салалар бойынша)»

мамандығы бойынша диссертациялық

## Кеңестің тәрағасы т.ғ.д., профессор

*Abs'* А.А.Волненко

## Диссертациялық Кеңестің

## Фылыми хатшысы.

## PhD докторы

Ж.Серікулы

" 12 " 01 2022 жыл.

А.А. Волненко мен Ж. Серікұлының қолтаңбаларын растаймын:

М. Әуезов атындағы  
ОҚУ ғалым хатшысы  
Ф.-М.Ғ.К., доцент



С.К. Лосыбеков